

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажиліс Парламенты  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2023 жылғы 30 қарашада жарияланды

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрдің  
орынбасары  
С.М. Жұманғаринге

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Серік Мақашұлы!

Өздеріңіз білетіндей, соңғы жылдары жем-шөптен бастап (2021 жылы олардың тапшылығынан бастап, олардың бағасының жыл сайынғы өсуіне дейін), эпизоотиялық жағдайлар, субсидиялау нормативтердің дұрыс еместігінен, жайылымдық жерлердің болмауынан, басқада қордаланған мәселелердің толассыз өсуіне байланысты **отандық фермерлер тар жол, тайғақ кешуде.**

Шаруалар аталған мәселелердің **бір бөлігі** ауа-райының салдары мен формажорлық жағдайларға байланысты десе, ал **екінші бөлігі** ауыл шаруашылығы министрлігі жүргізетін **тиімсіз саясаттың арқасы** дейді.

Мал жаюға арналған жердің тапшылығы әр өңірде кездесетін өзекті мәселеге айналды.

Алайда, бүгінгі таңда Мәжілісте жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша заңдарға **тиісті түзетулер мен ережелер бекіту бойынша** жұмыстар жүргізілуде. Сондай-ақ, «**Жер аманаты**» жобасы ауыл шаруашылығы жерлерінің қолжетімділігін арттыруда, «**АМАНАТ**» партиясының арқасында жыл басынан бері мемлекетке пайдаланылмаған **8 млн. гектардан** астам жер қайтарылды.

Сонымен қатар, елімізде соңғы жылдары қайталанған судың аздығына байланысты ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерді вегетациялық кезеңде сумен қамтамасыз ету және су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері маңызды болып тұр.

Суармалы егіншілікте су ресурстарын тиімді пайдалану шарттарының бірі мелиорациялық жұмыстар жүргізу, лазерлік тегістеу жұмыстарын жүргізу (суармалы жерлердің бетін тегістеу) болып табылады.

Қазіргі уақытта суармалы егістік жерлерді тегістеу негізінен итальяндық және түрік өндірісінің лазерлік тегістегіштерімен жүзеге асырылуда. Алайда, бұл

жер тегістегіштердің өнімділігі төмен деңгейде, яғни әр ауысымда тек 1-2 га жер тегістеледі.

Көптеген шаруа қожалықтары бұл жер тегістегіштің жұмыс өнімділігін арттыру бойынша – **«Арган» үлгісіндегі скрепер-тегістегішін** пайдалануда. Аталған **скрепер-тегістегіші** 2 бағытта жұмыс тиімділігін арттырады, яғни тегістеу жұмыстарын және топырақты белгіленген төмен жерлерге жылжытуды біріктіруге жаңартылған технология.

Аталған техника салмағының басымдылығының арқасында жерді оңай кесіп тегістейді және басқа тегістегіш техникаларына қарағанда жаңар жағармай шығынын бірнеше есе азайтады.

Егер жерді тегістеу кезінде лазерлік тегістегіш бір күнде **2 гектар жерді** тегістесе, онда скреперлік тегістегіші арқылы **10 гектарға дейін жерді тегістеуге** болады.

Сондықтан, ауыл шаруашылығы өндірушілері скреперлі тегістегіштің пайдасын ескере отырып, негізінен скреперлі тегістегішті сатып ала бастады.

Осыған байланысты, **№1 паспортқа скреперлік тегістегіш ауыл шаруашылық техникасын субсидиялауды қоса отырып**, инвестициялық субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізу қажет деп санаймын.

Бұл шаралар суармалы жерлердің бетін тегістеу бойынша жұмыстарды жеделдетуге және су ресурстарын тиімсіз пайдаланудың алдын алуға мүмкіндік береді.

**Ал, фермерлер үшін келесі өзекті мәселе - ережелердің жиі өзгеруі.** Әрбір тағайындалған **жаңа ауыл шаруашылығы министрі субсидиялау ережелерін өз қалауынша** өзгертеді. Бұл шаруаларға өздерінің жоспарлау кезінде ұзақ мерзімді жобаларын іске асыруға мүмкіндік бермейді. Олардың тірлігіне **қағазбастылық та** тұсау болуда.

Оның үстіне қарапайым шаруаларды бюджет қаражатының болмауына байланысты субсидиялар бойынша **төлемдердің кешігуі алқымынан қысып тұр.**

Оған дәлел, өткен жылы **нормативтік-құжаттарға түзетулер енгізілген соң** субсидия бойынша қордаланған мәселені шешіп береміз деп шаруаларға **уәде берілген.** Алайда қабылданған құжат күткен **нәтиже бермеген**, яғни мәселе **шешілмеген.** Анығырақ айтсақ, **баяғы жартас сол жартас** күйінше қалған.

Мәселен, ағымдағы жылы мал шаруашылығын субсидиялауға **107,6 млрд. теңге** бөлінсе, соның **32,4 млрд. теңгесі 2022 жылғы қарыздарды** жабуға бағытталған.

Негізі шаруаларға **2022 жылы** субсидия бойынша **156 млрд.теңгеден астам қаражат қажет болған.** Алайда, уәкілетті орган шамамен **124 млрд.теңге бөлген.**

Яғни, былтырғы шаруалардың қарыздары жабылмағанын біле тұра, **2023 жылы** бюджет қаражатын **30% - ға аз бөліп тұр** (сонымен бірге инфляция деңгейі жоғары болып қала береді).

Осы күні **аграрлық саясат ақсап, асқан ұқыптылықты қажет етіп тұр.** Өйткені, осы сала **азық-түлік қауіпсіздігімен** тікелей байланысты.

Бұл жерде бір нәрсені қаперге алу керек. **Аграрлық-өнеркәсіптік кешенді қаржыландыруды ұлғайту мәселесінде Министрлік салғырттық танытса,** субсидиялар бойынша қарыздар **2-3 жылға** созылып кетеді.

Осыған байланысты:

1. Фермерлер алдындағы **қарыздарды жабу** жөнінде жедел тиісті кешенді шаралар қабылдау;

2. Алдағы жылдары фермерлерді субсидиялау қажеттіліктерін жабуға қаражат **механизмдерін оңтайландыру**;



3. Елдеге ауыл шарушалығындағы субсидияларға толық **ревизия жасап**, бір жүйеге келтіруіміз қажет. *(№1 паспортқа скреперлік тегістегіш ауыл шаруашылық техникасын субсидиялауды қоса отырып, инвестициялық субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізу)*

Осы сұрауды заңнамада белгіленген мерзімде қарауды сұраймыз.

**Құрметпен,**

**«AMANAT» партиясы  
фракциясының депутаты**

**М. Жайымбетов**

 *Намазбаев К.*  
 74-67-84